



Молдажанов Тумырза

Молдажанов Тумырза 1910 жылы Шарбақты ауылында дүниеге келген.

Еңбек жолын ауыл мектебінде мұғалім болып бастады. 1940 жылы мектеп директоры лауазымында істеп жүріп, Фин соғысына шақырылды.

Фин соғысы аяқталғаннан кейін, әскери міндетін жалғастыра отырып авиациялық мектепті бітіреді.

1941 жылы Ржев түбіндегі 9-шы барлау эскадрилья құрамында соғысты қарсы алды. Жарақат алғаннан кейін соғыс соңына дейін әскери аэродромында моторист болып қызмет етті.

II дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен марапатталған. Демобилизациядан кейін Зорьоктябрь, Первомай мектептерінің мұғалімі, оқу меңгерушісі болып жұмыс істеді. Денсаулық жағдайына байланысты Лебяжі совхозында табуншы болып жұмыс істеді. 1967 жылы еңбектегі жоғары көрсеткіштері үшін Ленин орденімен марапатталды.

Соғыстағы жауынгерлік еңбегі үшін және ауылға сіңірген ерен еңбегі үшін Шарбақты ауылында көшелердің біріне Молдажанов Тумырза есімі берілді.

